

«Бекітемін»

Мектеп директоры



Мурат.

Денешынықтыру мұғалімінің жылдық жұмыс жоспары

2021-2022 о.ж

№	Жүргізілетін жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Денсаулық фестивалі	Қыркүйек	Денешынықтыру мұғалімі
2	Ай сайынғы мектепшілік спорттық ойындар 1-9 сыныптар арасында	жыл бойы	Денешынықтыру мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімдері
3	Көңілді старт тоғыз құмалақ, дойбы, үстел теннисі 1-9 сыныптар арасында	қараша	Денешынықтыру мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімдері
4	ҚР тәуелсіздік күніне арналған спорт жарыстары: шахмат, дойбы, үстел теннисі 5-8 сыныптар. 1-4 сыныптар арасында дойбы:	желтоқсан	Денешынықтыру мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімдері
5	«Спорт – көркі өмірдің, спорт – досың, серігің» сайыс сабақ	ақпан	Денешынықтыру мұғалімі
6	Дойбы жарысы 5-9 сыныптар Шахмат жарысы 5-9 сыныптар	наурыз	Денешынықтыру мұғалімі
7	Теннис жарысы 5-9 сыныптар арасында	Сәуір	Денешынықтыру мұғалімі
8	Спорттық ойындар а) футбол 5-9 сыныптар арасында	мамыр	Денешынықтыру мұғалімі Сынып жетекшілері Аға тәлімгер

Денешынықтыру мұғалімі:


Силам Ашимбек

Ескенежал негізгі орта мектебінде 2021-2022 оқу жылы денешынықтыру пәнінен өткен спорттық іс-шараның есебі.

Ескенежал негізгі орта мектебінде Қыркүйек айында «Денсаулық күні» аясында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараның өтуіне мектеп ұжымы түгелдей ат салысты. Мерекелік шара салтанатты жиыннан басталып, мектеп әкімшілігі «Денсаулық күніне» қатысушыларға жылы лебіздерін білдірді. Бүлдіршіндер спорт жайлы өлеңдерін оқып, ән салып, би билеп, спорттық жарыстармен ұласты. Бастауыш сыныптарда «Дойбы ойыны» жарысы өтті. Жарысқа кішкентай бүлдіршіндер сынып жетекшілерімен қатысып, өздерінің күштерімен сынасып, жылдамдықтарын көрсетті. Орта буын сыныптары мен мұғалімдер волейбол мен шағын футболдан жарысқа түсіп, командалардың бірлігін таныта отырып, тек қана алға ұмтылуға қадам жасады. Жоғары сынып оқушылары үстел теннисінен жарысқа түсті. Оқушылар қандай жарыс болсын өздерінің ептіліктерін, күштіліктерін, жылдамдылықтарымен бірге бірлік татулықтарын таныта білді. Жалпы «Денсаулық күні» қызықты өтті. Жеңіске жеткен оқушылар сыйлықтармен марапатталды.




Қараша айында 1-9 сынып оқушылары арасында «Көңілді старт» спорттық ойындар ұйымдастырылып 1-4 сынып оқушылары арасында дойбы өткізілді. 5-6 сынып оқушылары арасында тоғыз құмалақ, 7-9 сынып оқушылары арасында үстел теннисінен ойындар өткізілді.




Желтоқсан айында Қазақстан республикасының тәуелсіздік күніне орай мектеп ішінде оқушылар арасында спорттық сайыстар ұйымдастырылып жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды. Ақпан айында денешынықтыру мұғалімі 5-6 сынып оқушыларымен «Спорт көркі өмірдің, спорт досың, серігің» деген тақырыпта сайыс сабақ өткізді. Оқушылар сайыс

сабаққа белсене қатысты. Наурыз айында жоспар бойынша 5-9 сынып оқушылары арасында дойбы және шахмат жарыстары өткізіліп жарыста жеңіске жеткен оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Денешынықтыру мұғалімі, сынып жетекшілері, тәлімгердің ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында футбол ойыны өткізіліп жеңімпаз командалар мен белсенді қатысқан оқушылар марапатталды. Мектеп оқушылары аймақтық, аудындық спорт сайыстарына белсене қатысып жүлделі орындар мен марапатталды.



Денешынықтыру мұғалімі  Силам А.